

Кел, балалар, оқылық!



Бал дәурен

№10 (353) 13 мамыр 2016 жыл

Газет 2001 жылдан бастап шығады

Жеңіске -71 жыл

Мақтан етемін

Менің атам Шүкірәлі Дүйсембаев 1925 жылы бұрынғы Кеңтүп колхозының Майлыбас ауылында дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын колхозшы болып атқарып, 1943 жылы 6 ақпанда Ташкент қаласының Веровская станциясындағы 25-ші полктың байланыс торабына барып түседі.

1944 жылы 1 қаңтарда Белоруссияның Бобровск қаласындағы соғысқа қатысады. Әскери шені - сержант атам бүкіл Еуропаны жүріп өтіп, Польша, Германия жерлерін жаудан азат етеді. Жеңіс күнін Берлинде қарсы алады.

Соғыс біткеннен кейін Германияда 1945-1947 жылдары әскери борышын өтеп, 1947-49 жылдары сол елдерде байланысшы болып жұмыс атқарады. Бойына имандылық пен мейірімділік қасиеттерін сіңірген жауынгер атам қандай тапсырма болса да зор жауапкершілікпен, ыждағаттылықпен орындаған көрінеді.

Майданда болған кезінде Кеңес Одағының екі мәрте батыр атағын алған генерал-полковник Батовпен, маршал Рокоссовскиймен кездескен. Жауынгерлердің арасынан ақшыл сары, орта бойлы жігіттің жанына келгенде, маршал Рокоссовский орыс жігіті екен деп ойлап, аты-жөнін сұрап, қазақтың жігіті екенін білгенде риза болған маршал атамның иығынан ризашылықпен қағып өте шығыпты.

Шүкірәлі атам орыс, неміс тілін жетік меңгерген зерек, сауатты адам. Үкімет Шүкірәлі Дүйсембаевтың соғыстағы ерен ерлігін, батырлығын ескеріп, 1947 жылы ақпанда "Ерлігі үшін" медалін, "Ұлы Отан соғысы орденін", "Кеңес одағының Қарулы күштеріне - 50 жыл" және бірнеше жауынгерлік медальдарымен марапаттаған.

Атамның соғыстан кейінгі өмірі Ақсуат ауылымен тығыз байланысты. Қазалы аудандық байланыс торабында абыройлы қызмет атқарады. Соғыстан

оралғаннан кейін алтын құрсақты асыл әжеміз Үрімхан Сәтмаханқызымен отау құрып, жеті ұл, екі қыз тәрбиелейді. Мен Шүкірәлі атамның бойындағы бүкіл жақсы қасиеттерін үлгі етемін. Иманды, қамқор, мейірімді, жылы жүзді атам әрқашан отбасының тірегі, балаларының қолдаушысы болды. Өзінің байыпты, сабырлы қасиетімен қай істі де тиянақты атқарды. Атам - отбасымыздың мерейі болатын. Атамның әскери біліктілігі мен тәртібі ұлдарына дарыған. Ол отбасының тірегі болып, балаларын білімге үйретіп, әрқайсысының сауатты, еңбексүйгіш болуын қадағалаған. Бала тәрбиесін бірінші орынға қойған. Біздің әулетімізде қыз балаларды ерекше құрметтеп, "қыз" деп айтқызбаған, келіндерін қызындай сыйлап, жарына адал күйеу болған атамның өмір жолы ұрпақтарына өнеге.

Атамның анасы Дәнекер әже үш құрсақ көтеріп, атадан қалған жалғыз тұяғы кенжесін, менің атамды, соғысқа қимай жіберген екен. Соғыс ауыртпалығы Дәнекер әжемнің көз жанарын суалтыпты.

Атам орта бойлы, көгілдір көзді болатын. Бір қарағаннан-ақ жүзінің жылы екені, бетіндегі қарттық әжімдері қиыншылық белгісі екені анық байқалатын. Соғыстан кейін немерелеріне зейіні мен махаббатын төгіп, мойнынан түсірмей көтеріп жүретін. Мен де атамның еркесі болдым. Қанша тентектік жасасақ та ағам екеуміздің туған әке-шешемізден қылықтарымызды жасырып, жанындай жақсы көрген, жаманның ниетінен сақтаған атамыз мәңгі жүрегімізде.

Айжан ДҮЙСЕНБАЙ,
№100 мектептің
10-сынып оқушысы.
Қазалы ауданы.
Ақсуат ауылы.

Жалғас атамның жалғасымын

Жалғас атам осы өңірде өмір сүрген Аманбай ұстаның баласы. Күнкөріс қамымен Қарақұмдағы Тыраңбай деген байдың малын бағып жүрген 26 жастағы жас жігіт 1916 жылы Қабыланның көтерілісшілеріне қосылады. Мұнда оның ауылдасы Диханбай бар екен. Содан олар Аманкелдінің тобына барады. Далада шыңдалып өскен Жалғас атам мылтық ату мен қылыш шабуға тез машықтанып, жауынгер жасақшыға айналады. Келесі жылы ол Ақтөбедегі қызыл партизандар тобына қосылады. Ол мұнда қармақшылық жас жауынгер Оқас Жарылқасынов екеуі 1921 жылға дейін бірге болып, ақтарға қарсы талай жорықтарға бірге қатысады. 1919 жылы құрылған №49 қызыл дивизияның құрамында болған Жалғас Аманбайұлы 1921 жылы ауылға қайтқанда азып-тозып қайда барарын білмей қашып жүрген 105 үйлі кедейлерді елге ерте келеді. Елді колхоздастыру кезінде ол "Ақбел" деген артелді құрушылардың бірі болды. Отызыншы жылдардың басында голощекиндік асыра сілтеудің

салдарынан болған ашаршылық кезінде "Дауылкөл", "Қотыр" деген көлдерден балық аулап, ағайындарын ажалдан арашалап қалған екен.

Ұлы Отан соғысы басталғанда тылдағы еңбек жасағы қатарында болған Жалғас атам көмір шахталарында еңбек етеді. Ал, 1944 жылы Донбасс жаудан азат етілгеннен кейін оны қалпына келтіруге белсене қатынасады. Осы еңбегі үшін бірнеше медальмен марапатталған атам 1945 жылы елге оралады.

Ауылға келгеннен кейін өзінің сүйікті кәсібі - ағаш өсірумен шұғылданады. Бұрынғы Қазақстанның 30 жылдығы атындағы колхозда оның өз қолымен қсірген "Жалғас талы" деп аталатын үлкен бау бар болатын. Атам 1977 жылы мәңгілік сапарға аттанды. Атамның есімі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Айым ҚАРШЫҒА,
№28 мектептің
7-сынып оқушысы.
Қармақшы ауданы.

«Жас Ұланға» -5жыл

“Жас Ұлан” әлемінде



Алтын күмбезді көгімде қыран құсты байрағы желбіреген, айбарлы әнұраны асқақтаған, даңқты Қазақстанның "Жас Ұланы" екенімді мақтан тұтамын.

Елдің болашағын баянды ететін жастар. Әр адам қоғаммен біте қайнасып өзін сан алуан қырынан танытады. Алайда осындай жастарды бір арнаға тоғыстырар бұлақ көзі болуы қажет. Қазіргі күні сол бұлақ көзі біздің қоғамда бар. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында Елбасының тікелей жолдауымен балалар мен жасөспірімдерді бір тудың астына біріктіру мақсатында құрылған, республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы ол - "Жас Ұлан".

Көптеген оқушылар секілді мен де осы ұйымның мүшесімін. Сан мыңдаған шәкірттің бос уақытын тиімді пайдаланатын, бір-бірімен топтасып жұмыс жасауға баулитын, білгеніңмен бөлісуге мүмкіндік беретін ұйым. "Жас Ұландық" атанған әр жеткіншектің бойында бір ерекше мақсат бар. Ол өз Отанымыз Қазақстанды сүю.

Мен "Жас Ұланның" дамуына өз үлесімді қосып жатқанымға мақтанамын. Сондықтан, кемел келешекке нық қадаммен аяқ басамын. Себебі, "Жас Ұланның" болашағы, ол-менің болашағым. Ол кеудесінде патриоттық сезімі алаулап, жүрегінде жігері жалындаған, бойында қайраты қайнаған әр Қазақстандық жастың болашағы.

Мен - оқушымын. Мен - сұлу Сырдың жастық жігері жалындаған оқушысымын. Мен - ата-бабамыздың Отан үшін жеңіске жеткендегі көз жасымын. Мен - ата-анамның үкілеген үмітін ақтар адам болар баламын. Мен - "Жас Ұлан" ұйымының беріле еңбек ететін мүшесімін.

"Жас Ұлан" - менімен бірге, бой көтеріп келе жатқан ұйым. "Жас Ұланның" тағдыры - біздің тағдырымыз. Біздің тағдырымыз - Отанымыз Қазақстанның тағдыры.


Мен - бақытты Ұланмын! Себебі, мен егемен, тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағымын. Мен - елімнің патриотымын!

Назым ТҮРҒАНБЕК,
8-сынып оқушысы.

Ана жүрегі

Ата-ана не деген ардақты еді,
Аналардың жүрегі алтын еді.
Жанар таудай жүздері лапылдаған,
Жүздерінен көрінген жылы лебі.
Аналарға бар жырымды арнаймын,
Басымды иіп, өмір бойы сыйлаймын.
Ана деген аяулы асыл жанға,
Қыр гүлдерін жиып әкеп
сыйлаймын.

Сақыпжамал ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,
№111 орта мектептің
5-сынып оқушысы.
Қармақшы ауданы.



Суретті салған 3-сынып оқушысы
Біләлхан ШАПТАЙ.

Оқушылар хаттары

Отанымды сүйемін оттай
жанып...

Отан!
Отан!
Сен болмасаң нетер ем,
Құс ұясыз.
Жыртқыш інсіз болмайды
Отансыз жан өмірінде оңбайды.
Меніңше, өз Отанын мойын-
дамайтын, қастерлей алмайтын, сатқын
жан болуы мүмкін. Бірақ, Отансыз
адам болуы мүмкін емес. Құста - ұя,
жыртқышта - ін болса, менің өз ұйым -
Отаным! Ол қандай Отан? Ол -
жүрегімді қуаныш кернеп,
мақтанышпен айта алатын Отан! Ол -
менің Қазақстаным! Ол - туған
халқымның, ұлтымның қасиетті
мекені, ата-бабамның қоныс тепкен
жері.

Мен оның түнін сүйем, күнін
сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін
сүйем.

Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның күдіретті үнін сүйем, -
деп ақын жырлағандай, мен де өзімді;
"Отанымды шын сүйетін перзентің"
деп айта аламын. Елбасымыздың мына
сөзі мен үшін қымбат: "Патриот - ол
Қазақстанды шын сүйетін ұлттық
құндылықтарды қастерлейтін, бойында
адалдық, ар-намыс, ізгілік қасиеттері
бар, халқының дәстүрі мен Отанына
деген сүйіспеншілігі мол адам".

Мен жазып отырған жердің иесі -
жас ұрпақ. Осы күнгі өскелең ұрпақ
өткенін білмейді. Өткенін білмейтін
ұрпақтың өресі тар болмақ. Сондықтан
да мен ізденіп оқу арқылы тарихымды
тануға, ұлттық құндылықтарымды
қастерлеуге, ерлік иелеріндей болуға,
жеткен жетістіктерімізбен мақтануға
тырысамын.

Ұлтты сүю, ең әуелі, ана тілді
ардақтаудан, түпкі тегін, тарихын, салт-
дәстүрін тани білуден басталады.
Соның ішінде ана тіліміздің орны
бөлек. Ол - халқымыздың атадан
балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып
жалғастырып келе жатқан баға жетпес
рухани байлығы. Онда ұлтымыздың
күллі қасиеті, тарихы, тұрмыс-
тіршілігі, мінез-құлқы қамтылып
жатыр. Сондықтан ана тілді ұмыту -
бүкіл ата-бабаларымызды, тарихы-
мызды ұмытумен, жоғалтумен тең.
Мен сан мың жылдық тарихқа ие
болған ұлтымның - бай мәдениеті,
көркем де айшықты, иірімді де икемді
тілі бар, байырғы ұлттардың бірі
болғанын мақтанышпен айтқым келеді.

VI-VII ғасырдың дана-данышпаны
аталған ақылгөйі - Қорқыт сынды
бабамыздың, адамзат тарихында

Аристотелден кейінгі екінші ұстаз
аталған ғалым Әбунасыр Әл-Фараби
сынды ұлы ғұламаларымыздың, дала
данышпандары - Асан қайғы, Бұқар,
Ақтанберді жырау сынды көшпенді
халықтың көреген көсемдерінің, Төле
би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды,
шешен де шежірелі ұлы тұлғаларымыз-
дың, Қабанбай мен Бөгенбай,
Наурызбайдай батырлардың, Ыбырай
мен Ахметтей ұлылардың болғанын,
Абай менен Жамбылдай ақындардың
болғанын Әлия мен Мәншүктей
апалардың, Қайрат пенен Ләззаттай
қайсарлардың, Нұрсұлтандай көреген
Елбасымыздың болғанын мақтанышпен
айтамын.

Қазақ ұлты өзге жұрттан несімен
өзгешеленеді? Әрине, өзге жұртқа
ұқсамайтын өзгеше тілі, салт-дәстүрі,
мәдениеті, тарихымен, өзге жұртта жоқ
өзгеше ұлттық болмысымен ерекше-
ленеді. Ендеше жастарымыз өз ұлттық
болмысын айқын танып, өзімізге тән
ұлттық ерекшелігімізден, күллі
қасиетімізден көз жазып, адасып
қалмаса екен. Халқымыз - өнегелі
тарихқа, бай мәдениетке, айшықты
көркем тілге ие, ізгі, инабатты,
дәстүршіл халық. Ұлтымыздың осы
қасиетін сақтап, қорғап, оған
мұрагерлік етіп, оны одан әрі дамыту -
бүгінгі ұрпақтың борышы. Астанада
ғажайып Елорда шаһарын орнату сол
бұрынғы тайпалардың бүгінгі ұрпақ-
тарының қолынан ғана келгендігін
мадақ ету біздің парызымыз. Менің
Елім мәңгілік! Мәңгілік Ел жасасын!
Осынау Қазақ Елінің барын мақтан
тұтайық, егеменді елдің болашағын
биік белестерге апара берейік, достар!

Отан дейміз кең-байтақ Астананы,
Жасыл жайлау, жаңа жол, жас
қаланы.

Отанның шеті де жоқ, шегі де жоқ,
Ол бірақ өз уйыңдан басталады, -
демекші Отансүйгіштік қасиетті маған
отбасым дарытса, оны білім алып
жатқан ордам одан әрі жандана түсуде.
Мен жүз жылдық тарихы бар М.Горь-
кий атындағы мектептің оқушысымын.
Жанам деген кеуделерге от берген,
мектебімді мақтан тұтамын. Мен - өз
елімнің патриотымын. Мен алда еліме
қызмет етіп, өз үлесімді қосатын
боламын.

Ақжан БАХЫТЖАНҚЫЗЫ.
М.Горький атындағы
№16 мектеп-лицейдің
5-сынып оқушысы.
Қазалы қаласы.

“Жас ұланмен” біргеміз



Мен оқитын мектепте "Жас ұлан"
ұйымы жұмыс жасайды. Оның
жетекшісі - мектебіміздің тәлімгері
Әзіма Қарабалаева апайымыз аудан-
дық "Тәлім мол тәлімгер" байқауының
жеңімпазы, "Ел ертеңі - "Жас ұлан"
атты жас тәлімгерлер арасындағы
аудандық панорамалық сабақтар
жарысының I-орын иегері. Біз "Жас
ұлан" қатарына салтанатты түрде
қабылданғалы бері Әзіма апай
ұйымдастырып келе жатқан түрлі іс-
шараларға үзбей, белсенді түрде
қатысып келеміз. Апаймен бос
уақытымызды тиімді өткіземіз,
көптеген қосымша мәліметтерге
қанығамыз.

Әлемде азаматтардың бойында
ұлттық нышандарға - Туға, Елтаңбаға,
Әнұранға, ұлттық мерекелерге пат-
риоттық сезімді, оларға құрметпен
қарауды мақсатты түрде қалып-
тастырып отырған дамыған елдер аз
емес. Көптеген елдерде мемлекеттік
нышандар ұлттық мақтаныш белгісі
болып саналады, патриоттық сезім мен
ерік-жігерді танытудың нысанасы
ретінде пайдаланылады. Мемлекеттік
нышандардың көмегімен азамат-
тардың бойында еліне деген мақтаныш
пен патриоттық сезім қатар қалып-
тасып, орнығады. Осы орайда "Жас
ұлан" нышаны да көк байрақпен
байланысты болуы жайдан жай емес.
Бірінде тудың бейнесі қайталанса, яғни
аспанда қалықтай ұшқан бүркіт пен

күннің нұрлы шуағы төгіліп тұрса,
екіншісінде Алтын адамның бейнесі
көрсетілген.

Міне, мойнына осындай ерекше
галустық таққан біз - "жас ұландықтар"
жетекшіміз Әзіма Әбілбайқызымен
бірге көптеген биіктерді бағындырып
келеміз. Атап айтқанда, аудандық
"Жасөспірім және Заң" айлығы
аясында өткізілген "Полиция қызмет-
керлерінің жас көмекшілері" және
"Қозғалыстың жас инспекторлары"
атты байқауларда жеңімпаз атандық.
"Ғасырдан ғасырға" атты интеллектуал-
дық білім сайысында I-орынды иелен-
дік, "Құқық бұзушылыққа қарсымыз"
атты байқауда мектебіміздің мерейін
асырдық. Тізе берсек, біздің жетіс-
тігіміз көп-ақ.

Аудандағы көптеген мәдени-рухани
мекеме басшылары мен танымал
адамдардан кездесулерге тыңғылықты
дайындаламыз. Мәселен, Әзіма
апайымыз өткізген "Имандылық
жарасады үл мен қызға" рухани әңгіме
сағаты, I қазан - қарттар күніне
арналған ата-әжелерімізге ашық хаттар
тарату сағаттары, "Досы көпті жау
алмайды" тақырыбындағы пікірталасқа
арналған шаралар әлі күнге дейін
есімде.

Біз үшін "Жас ұлан" ұйымының
мүшесі атану - үлкен мақтаныш.

Ләтипа ЕРМАҒАМБЕТОВА,
Қармақшы ауданы.

“Жас ұлан” ұйымына
алғысым мол

"Жас ұлан" алға!
Келеміз алда!
Ойнаймыз, күлеміз,
Адалдықты сүйеміз.
Мына жарқын өмірде,
Алға өрлей береміз! -

Осы бір өлең жолдары біздің
буынның жарқын өмірі мен бақытты
балалық шағынан хабар бергендей.
Биыл "Жас Ұлан" ұйымына 5 жыл.

Иә, осы 5 жылда "Жас ұлан" ұйымы
бізді мызғымас достыққа, асқақ арман,
айқын бағыт, Отанға, туған жерге деген
махаббат, бейбітшілік пен достыққа
тәрбиеледі. Ұят пен арлы болуды
үйретті. Жақсы оқуға, саналы, білімді
болуға жетеледі.

Біз, Отан-ана байрағын, туған елдің
даңқын көкке көтеретін ел ертеңі
екенімізді түсінеміз. Болашақ көшбас-
шы ұрпақпыз, адалдық пен достықты
ұран етіп бабалардың өнегесін үлгі
етеміз. Біз, Сыр ұландары Елбасы
санамызға құйған қазақстандық
табыстың үш кілті: бірлікті-байтақ,
тағаттылықты-тұғыр, тарихты тағдым
етіп, сәт сайын жаңарып "Күн" болып
Отанымыздың дәулеті артуы үшін
қасиетті құндылық - білімге
ұмтылудамыз.

Мен бүгін 6-сыныпта оқимын.
Алғаш мектеп табалдырығын аттағанда
тәжірибелі ұстаз Бөлекбаева Мейірім-
жан апай қарсы алған. Сөйтіп, "Әліппе"
бетін аштырып, білім нәрін берді. 2-
сыныптан бастап Иманбаева Дәметкен
апай сабақ берді. Білімге, өмірге деген
құлшынысымды арттырды. Жалық-

пайтын ұстаз үнемі оқу мен тәрбиені
қатар ұстанады. Әрбір сыныпты үздік
бітірдім, мақтау қағаздарын алдым.
Мектепшілік жарыстарда жеңімпаз
болдым. 4-сыныпта "Жас ұлан" қа-
тарына қабылдандым. Мектептегі ұлан-
дар ұйымының жетекшісі Ерішова
Жанар апай ұйымның мақсатын жан-
жақты түсіндіріп, мектепшілік түрлі іс-
шараларға қатыстыра отырып
қызығушылығымды оятты және бел-
сене араласуыма ықпал етті. Осы-
лайша "Жас ұлан" ұйымы жүрегімнің
төрінен тұрақ тауып, мені биік
белестерге жетеледі. Соның айғағы,
2014 жылы өзімнің туған жерім
Жанқожа батыр ауылында және аудан
бойынша "Жанқожа батырдың 240
жылдығы" тойланды. Оқушылар үйінде
"Жас ұлан көктемі" балалар фестивалі-
нің өнерлі балалар бағдарламасы
бағытында "Ел қорғаны - Жанқожа
батыр" тақырыбында ауыл мақта-
нышы, ақын Жұмабек Табынбаевтың
дастанынан үзіндіні жатқа оқып "Бас
жүлдеге" ие болдым. Облыстық "Жас
ұлан көктемі" балалар фестиваліне
жолдама алдым. Фестивальге "Жас
ұлан" ұйымының төрайымы Гүлайым
Ақмырзаева апай басшылық жасады.
Ата-баба мұрасы негізінде өнегелі
тәлім алып "Жас ұлан көктемі" фес-
тиваліне қатысқаным үшін "Алғыс
хатпен" марапатталдым. Жанқожа
батырдың 240 жылдығына арналған
"Бабалар ерлігі - ұрпаққа аманат" атты
облыстық "Жас ұлан" сағатында үздік
өнер көрсетіп "Алғыс хат" иелендім.

Жақында облыстық "Жас ұлан"
ұйымының төрайымы Ақмырзаева
Гүлайым апайдың басшылығымен
Астана қаласында өткен "Ұланымыз
ұлы елдің" республикалық форумына
қатыстым. Гүлайым апай "Жас ұлан"
ұйымының жеткен жетістіктері мен
оның ұландарға деген ыстық ықыласы-
мен бізді тәнті етті. Бұл сапар маған
қатты ұнады. Мен Елбасы Нұрсұлтан
Назарбаевқа, өзімді тәрбиелеген
ұстаздарыма, ата-анама мың алғыс
айтамын.

Әли ӘЛІБИ,
№94 орта мектептің
6-сынып оқушысы.
Жанқожа батыр ауылы.

№110 мектеп. 2-4 сынып.

Атам мен әжем

Әжем мені жақсы көреді. Тәттілерін
сақтап қояды. Әжемнің болғанына
қуаныштымын. Әжем маған ертегі
айтады. Әкем мен анам мені үлкен
көрсек, әжем мен атам мені әлі кішкентай
дейді. Атам маған үнемі ақыл айтып,
күнде сыйлық әкеледі. Жетінші
мамырда мен атама сыйлық жасаймын.
Екеуі де менің өмірімнің гүлі. Әжемнің
аяулы үні мен атамның айтатын
ақылдарын ешқашан ұмытпаймын.
Атам мен әжем менің асыл қазынам. Мен
өскенде атам мен әжемді асыраймын.
Атам мен әжем менің мектепті жақсы
оқығанымды қалайды. Мен олардың

арманын орындаймын. Көп жетістікке
жетемін. Осылайша атам мен әжемді
қуантамын. Әжем мен атамнан бір
минутқа да ажырағым келмейді. Атам
маған сабырлы болсаң, бәрін де
жеңесің дейді. Атам көпті
көргендіктен, менің қиындыққа тап
болғанымды қаламайды. Әжем де менің
жақсы адам болғанымды қалайды. Мен
қалай да жақындарымның арманын
орындап, сүйікті қыздары боламын.
Әже, ата, мен сіздерді өте қатты жақсы
көремін, мені ешқашан тастамаңыздар.

Әйгерім ЕСЕН.

Менің сыныбым



Біздің сынып мектептегі үлгілі
сыныптардың қатарында. Өйткені,
сыныбымызда білімді, тәртіпті, өнерлі,
болашақ ақын және суретші балалар оқиды.
Мектептегі мерекелік шараларға белсене
араласамыз. Барлығымыз бір үйдің
баласындай татумыз. Қазақ "Бірлік болса,
тірлік болады", - деп бекер айтпаған ғой. Мен
өз сыныбымды мақтан тұтамын.

Диас ҚАЙРАТУЛЫ.
Жаңақорған ауданы.

Оқушылар хаттары

Жеңісім саған, Жас ұлан!

Маған мектебім, сыныбым өте қатты ұнайды. Мектебімізде әр апта сайын әртүрлі қызықты да пайдалы ашық сабақтар мен тәрбие сағаттары өткізіледі. Менің сыныбым сондай тәрбие сағаттардан ешқашан қалыспай алдыңғы қатарда жүреді. Мысалға, жақында біздің сыныбымыздың қыздары арасында "Қыз қылығымен ардақты" атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатымызға көрермендер көп жиналды. Қыздарымыз өз шеберліктерін көрсетті. Мен де өз өнерімді көрсеттім. соның арқасында "Парасатты ару" номинациясымен марапат-

талдым. Сонымен қатар "XXI ғасыр көшбасшысы" зияткерлік сайысы өтті. Мен бұл сұрақтарға дұрыс жауап беріп, жеңімпаз атандым. Біздің сыныптан Қайрат екеуіміз ауданға жарысқа бардық. Бұл жарыс теннис жарысы болатын. Мектепке екінші орынмен оралдық. Мен өз жетістіктерімді, жеңісімді, жас ұландықтарға, мектебіме арнаймын.

Жанира МЕЙРАМБЕКҚЫЗЫ,
№114 орта мектептің
8-сынып оқушысы.
Жалағаш ауданы.

“ЖАС ҰЛАН”



Оқушының тірегісің, "Жасұлан",
Оқушының жүрегiсiң, "Жасұлан".
Талантты мен бiлiктiнi анықтар
Орыныңды ел бiледi шын,
"Жасұлан".
Қатарыңды толықтырдым,
"Жасұлан",
Талай досты жолықтырдым,
"Жасұлан".
Саған мүше болғаннан соң, сен ғана
Достық мәнін мол ұқтырдың,
"Жасұлан".

Бүгiн, мiне, беске толдың,
"Жасұлан",
Сен әрдайым есте болдың,
"Жасұлан".
Сен арқылы талай қызық, думанды,
Өнегелi кеште болдым, "Жасұлан".

Бiзге талай бердi асылың
"Жасұлан",
Қалмағайсың сен жасырын,
"Жасұлан".
Сенен түлеп, қанат қаға самғаймыз,
Бастамасы Елбасының - "Жасұлан!"

Рәмiздерiн құрметтеген "Жасұлан",
Намыс Туын кiрлетпеген
"Жасұлан".
Қатарыңда сап түзесек бәрiмiз,
"Достығымыз - бiр!" деп келем,
"Жасұлан".

Нүртілек САҒЫНДЫҚ,
№94 орта мектептің
8-сынып оқушысы.
Жанқожа батыр ауылы.

Мен сыныбыммен
мақтанам

Мен сыныбыммен мақтанамын. Біздің сыныпта 16 оқушы бар. Оның ішінде "Жас ұлан" ұйымында 11 оқушы бар. Менің сыныбым мектептегі ең үлгілі сыныптардың бірі. Сыныбымыздан биші де, әнші де, ақын да, оқу озатын да, спортшыны да таба аласыз. Мектеп ішінде орындалатын шарттарды бұлжытпай орындаймыз. Мерекелік жұмыстарға да белсеңдіміз. "Бірлік бар жерде тірлік бар" деп дана халықымыз бекер айтпаған.

Биылғы оқу жылында сыныбымызда көптеген оқушылар аудандық, облыстық сайыстарға қатыстып, жүлделі орындармен марапатталды. Атап айтар болсақ, "Ерке ұландар" жайдарманшылар тобы аудандық

оқушылар Үйінде өткізілген "Жайдарман" сайысында I орын иеленіп, облысқа жолдама алып, облыста өткізілген Жайдарманда Алғыс хатпен оралды.

Аудандық Темірбек Жүргеновке арналған жас ақындар мүшәйрасында Мерекеұлы Ермахан III орын иеленді.

Аудандық оқушылар Үйінде ұйымдастырылған "Болашақ энергиясы" ғылыми жобасында "Күн сәулесі - болашақтың сарқылмас энергиясы" тақырыбында ғылыми жобасын қорғап, I орынмен марапатталып, облыстық кезеңінен III-орын иеленді.

Міне, менің сыныбым осындай!

Айжан ШАМШАТ.
Аяулым ТӨРЕХАН.

Ұлтазаттық
көтерілісіне-100 жыл

Көтеріліс ошағы болған Торғай уезінде көтеріліс сардарбегі болған Амангелді Иманов ата ұрыс жүргізудің өзіндік тактикасын шебер қолдана біліп, мергендерден ерекше жасақтар құрған. Жазалау отрядына тез қимылдайтын атты әскер құрып, 25 шақырымнан астам жерге шолғыншы жіберген. Олар елде бүлік жасау үшін емес, қазақ азаматтарының еркіндік алуын көздеген. Олар сол шайқаста кескілескен күрес жүргізіп, болашақ ұрпақтың ертеңгі нұрлы күнге жететініне үміт отын жаққан. Біз осы аталар ерлігін мақтан етеміз.

Айжан САЙЫНБАЙ,
9-сынып оқушысы.

Менің құрдастарым

Менің досым осындай

Мен №8 облыстық арнайы санаторийлық мектеп-интернатында 7-сынып оқимын. Біздің мектепте әртүрлі үйірмелер қарастырылған. Онда талантты оқушылар көптеп кездеседі. Талантты балалардың арасында менің досым мектебіміздегі "Жас ұлан" ұйымының мүшесі Мырзабай Диас 6 желтоқсан күні Алматыда өткен "Фариза, Фариза қыз, Фаризажан" атты байқаудан екінші орын жүлдегері болып оралды. Бәріміздің төбеміз көкке жеткендей қуандық. Диасты мектептегі аға-әпкелері де, достары да, ағай-апайлар да құттықтады. Ол келгеннен кейін бізге Алматыда болған қызықты күндерін айтып берді. Және ол осындай дәрежеге жетуіме музыкалық жетекшіміз Қожағұлова Гүлнар апайдың еңбегі зор екенін атап айтты.

Диас үлгілі отбасында дүниеге келген. Әр жылдың 23 сәуірінде Диастың туған күнін атап өтеміз. Ол бос уақытында шығармашылық дәрістерге, ән, би, сурет, волейбол үйірмелеріне қатысады. Сабағын да жақсы оқиды. Біздің мектептің мәдени іс-шаралары Диассыз өткен емес. Ол қай нәрсені де шын жүрегімен жасайды. Ол ән айтқанда барлығымыздың жүрегіміз тебіренеңі.

Мінезі өте ашық, әрі үнемі көңілді жүреді. Ренжісіп қалсақ бірінші ол кешірім сұрайды. Онымен бірге ойын ойнаған да көңілді. Ойынның қандай болса да көтере біледі. Бәріміз оны Диас емес, Дико, Мырзик, Дикош деп атаймыз. Ол біздің сыныбымыздың мақтанышы.

Перизат ДОСЫМОВА.

№16 мектеп-лицей.5-сынып

Құрметті “Бал дәурен”
газеті

Біз 5-сыныпта оқимыз. Мектебімізде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша "Жас тілші" үйірмесі жүргізіледі. Үйірме жетекшісі Әлия апайымыз бізді шығармашылықпен жұмыс жасауға баулып келеді. Бұл бізге өте ұнайды.

Сүйікті газетімізге осы үйірме сабақтарында жазған өлең шумақтарымызды жолдап отырмыз. Сіз әрқашан біздің туындыларымызды жарыққа шығарып, бөлісіп отырасыз. Сол үшін де алғыс айтамыз.

Сағындым
әкешімді

Асқар таудай әкешім.
Қымбат қой өмір сүргенің.
Алыста, жырақ жүрсең де,
Өзіңмен мәңгі біргемін.

Аружан БАҚЫТБЕК.

Анаға тілек

Аяулы анам - ардағым.
Өзіңсіз атпас таңдарым.
Көз алдында ойнақтап,
Өсе берсін балаларың.

Біз үшін мәңгі панасың.
Алаулап оттай жанасың.
Нұрыңды төгіп біздерге,
Аман жүрші анашым!

Толғанай ЖАҢАБАЙ.

Гүлдер

Қызыл гүлдер, ақ гүлдер,
Ұнайды бар балаға.
Үзіп алып біреуін,
Сыйлар ем әр кез анама.

Данияр ЖАЛҒАСБЕК.

Ақ әжем

Ақ әжем, менің, ақ әжем!
Өзіңді жақсы көремін.
Сен болмасаң егер де,
Еркелеп кімге жүремін.

Гүлзат КЕҢЕС.

Ұмытпаймыз ерліктерін
батырлардың

Біз үшін қанын төгіп, жанын берген,
Батырларға ризамын бүгінде мен.
Жадымызда жаңғырып жүре бермек,
Мәңгі есте Бауыржан мен Төлеген.

Апаларым Мәншүк пенен Әлия,

Олардың ерліктері көл-дария.
Үлгі етіп, ұрандаймыз, жырлаймыз
да,
Жалғассын ұрпақтарға болып мұра.

Ерқанат ШАНЖАР.

Бір мектептен хат.

№16 мектеп-лицей

Жыр арқауы - Жамбыл

Құрметті, "Балдәурен" газеті! Біз сыныбымызбен өзінді сүйіп оқимыз. Бүгін өзіңменен қуанышымызды бөліскелі отырмыз. Біздің №16 мектеп-лицейінде Жамбыл атаның 170 жылдығына орай түрлі іс-шаралар өткізілді. Атап өтер болсақ "Жамбыл - жырдың дүлділі" атты айтыскерлер сайысы, ақындар мүшәйрасы, "Жамбыл ата - өр тұлға" атты пікірталас болды. Бұл сайыстардың басты мақсаты - Жамбыл атаның ақындық, айтыскерлік қырларымен оқушыларды таныстырып, болашақ айтыскерлер мен ақындарды тәрбиелеу. Бұл сайыстарға 5-7-сынып оқушылары қатысты. Сайыста біздің сыныптан Қуаныш Ернұр мен Бақытжанқызы Ақжан айтысты. Жамбыл ата жайлы айтқан ойлары көпшіліктің көңілінен

шықты. Ақындар мүшәйрасында оқушылар Жамбыл атаға арнаған өлеңдерін оқыды. Сонымен қатар, Жамбыл ата туралы пікірталас жоғары деңгейде өтті. Пікірталаста оқушылар өз ойын ортаға салды. Сайыстан ешкім қалыс қалмады. Сайыста жоғары деңгейде өнер көрсеткеніміз - жетекшіміз Абдулла Әлияның еңбегі. Айтыста жүлделі орынды иелендік. Ақындар мүшәйрасында сынып мақтанышы - Қуаныш Ернұр бас жүлдемен, Жаңабай Мадияр 1-орынмен марапатталды. Осындай сайыстар жиі өтсе, бізге мақтаныш болған аға-апаларымыздан үлгі алып, болашағымызға даңғыл жол ашамыз. Ақ көңілімізден туған жырларымызды сіздердің назарларыңызға ұсынғымыз келеді.

Жыр атасы

Жамбыл ата жырымды сізге арнадым, Өнегеге толы сенің жырларың, Қазақтың ақын, сазгер, жырауы Сіздей болу мына менің арнамым.

Ақындардың алыбы, бас арнасы, Сөздің пірі Сүйінбайдың жалғасы. Жыр дүлділі өзіңдей атамиздың,

Міне, бүгін тойлануда 170 жасы.

Қырандай алғыр кеудесін жыр кернеген, Айтысқанда ешкімге есе бермеген. Тоқсанның тоғызында дүниеден өткен, Ұмытпаймыз атамызды көпті көрген.

Аяулым ЗҰЛХАРНАЙ.

Қайран біздің ...

Қайран біздің айтыскер Жамбыл ата, Дүниеден өтті тоқсанның тоғызында. Ақпанның жиырма сегізінде дүниеге келген, Оқтан озған өмір деп осыны ата Сүйінбайды пір тұтқан Жамбыл ата, Айтысқан Жамбылменен Бақтыбай да. Айтыста жеңілмеген, тайсалмаған,

Ұрпақтан ізі қалар ұрпақтарға.

Жыр жазайын Жамбылдай ата, Нөсерлеткен жаңбырдай ата. Қолыма қалам ұстап, қарымды боп, Қолдай гөр деп сұраймын бата.

Жамбыл ата біздерге, Тастап кетті өнеге. Жамбылдай ақын боламын, Ал сенің болғың келе ме?

Ернұр ҚУАНЫШ.

Қазақтың дүлдүлі

Қазақтың дүлдүлі, өр тұлғасы, Есімізден мәңгі кетпес сұлбасы. Мөлдір тасқыннан туған жырлары, Сүйінбайды пір тұтқан, сырласы.

Өр өлеңінде саясатты қозғаған, Жамбыл атадан ешкім де озбаған. Ғасыр жасап, көп қой көргені, Марапатының бірі "Ленин ордені".

Ақжан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ.

Әрбір сөзі өрнекті

Жамбыл ата ақынымыз көрнекті, Атамыздың әрбір сөзі өрнекті. Қасымызда болмаса да атамиз, Алтын сөзі жадымызда жүрмекші.

Жамбыл ата өзіңізсіз данамыз да, Тап сіздей жұлдыз болып жанамыз да.

Жамбыл ата кең сіздің жүрегіңіз,

Тап сондай біздің жазық даламыз да.

Жамбыл ата біз оқып келеміз де, Сіздей адам көп болса елімізде. Сіздей адам көп болса егер бізде, Көркейер Отанымыз, еліміз де.

Мадияр ЖАҢАБАЙ.

Қос ғасырды көрген

Айналайын атыңнан Жамбыл деген, Бақыт басы өзіңсің жүз жыл жүрген. Дана болып әрқашан жайнап күлген, Қос ғасырды көруге өмір берген.

Он жасынан ақын болған Жамбыл ата, Жетісуды дүрілдеткен ақыл-дана.

Таниды жаһандағы дос-жараның, Сөнбейді ешқашанда атақ-даңқың.

Жамбыл деген кім дегенде былай дер ем, Ақындардың ішіндегі дүлділ берен. Пір тұтып, қастерледі әрбір қазақ, Бас иді аруағыңызға халық ерен.

Дильназ НАҒАШЫБАЙ.

Тоқсанында топ жарып

Тоқсанда да топ жарып, Бас бәйгені бермеген. Алатаудан қомданып, Күнге қанат сермеген.

Өлеңдері өрендей, Қорғаған жаудан Отанын. Жасар мәңгі көнермей, Жыры Жамбыл атаның.

Ақжол АХМЕТ.

Бір өзіңе жыр жазып

Жамбыл ата бір өзіңе жыр жазып, Тамсандырып, толғандырып, таңданып. Көрмесек те, білмесек те өзіңді, Талай жырлар жазылыпты тамсанып.

Мына өмірдің кереметін көрмедің, Мәңгі неге осы өмірді сүрмедің. Аталарым болса егер өмірде, Өсиетпен, ақыл тыңдар ұрпағың.

Ақгүл ТҮРСЫН.

Ата тілегі

Кішкентай балапандарым

Немерелерім Инжу мен Азатқа



Ата, әже Алатауларың, Әке, ана алақандарың. Желкілдеп өсе беріңдер, Кішкентай балапандарым.

Желбіреп тұлымшақтарың, Жер-жерге ұрыншақтарым. Желкілдеп өсе беріңдер, Кішкентай құлыншақтарым.

Осы кез қиын шақтарың, Әр жерге ұрыншақтарым. Желкілдеп өсе беріңдер, Желбіреп тұлымшақтарың.

Жаңа өсіп, бүршік жарғаным, Жайқалған жасыл жандарым. Желкілдеп өсе беріңдер, Кішкентай қошақандарым.

М.ӘМІРЕҰЛЫ.

Ұстазыма



Гүлсім апай - ұстазымыз, мұғалім, Шырқатып ол болашақтың жүр әнін.

Жүректерді баурап алып, әрқашан, Шешіп жатыр мәңгіліктің сұрағын. Ұстаз-ана жайдары да қалаулы, Жүрегі оның қызуы мол алаулы. Маздатқан да шәкірттердің жас жанын,

Мінезі - жаз, сіздей жандар санаулы. Шәкірт сізге бейне нәзік қыр гүлі, Білім деген ұлы жолдың дүлдүлі. Атбегідей шәкірттерін баптаған, Өрендерсіз өтпейді оның бір күні. Оқушының жақсылығын асырған, Табыласың қиналғанда қасымнан. Өзіңізді қызғалдақтай көктемгі, Жаратқан ба деп ойлаймын асылдан.

Назерке ШАРАЕВА, №37 мектеп оқушысы. Шаған ауылы.

Меншік иесі:
"Сыр мектебі"
жауапкершілігі

Айына екі рет шығады

Бас редактор Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет редакция компьютерінде теріліп, беттелген. "Сыр медиа" ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс 528

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2001 жылы 28 қазанда тіркеліп, №2418-Г куәлігін алған. Индексі 65639. Таралымы 1763 дана.

Мекен-жайымыз:

Қызылорда қаласы, Тасбөгет қонысы, М.Шоқай көшесі №8 үй.

Телефондар:

Бас редактор: 21-50-75. Тілшілер, есепші: 40-06-72. E-mail: syrmektebi@mail.ru